Аялаймын сені, Қызылорда!

Ақмешіт апталығы

12 маусым сенбі
№46 (1748)
2021 жыл

Газет 1994 жылдың 15 сәуірінен бастап шығады

• Қалалық қоғамдық-саяси әлеуметтік-ақпараттық тарихи-танымдық газет •

E-mail: akmeshit.kz@mail.ru

ҚАЗАҚСТАН ТӘУЕЛСІЗДІГІНЕ 30 ЖЫЛ

АЙМАҚТА МӘСЕЛЕ ДЕ, ОНЫҢ ШЕШІМІ ДЕ БАР

Облыс әкімі Гүлшара Әбдіқалықова ҚР Президенті жанындағы Орталық коммуникациялар алаңында өткен баспасөз конференциясында өңірдің әлеуметтік-экономикалық дамуын сөз етіп, баяндама жасады.

Аймақ басшысының айтуынша, бүгінде Қызылорда облысы «жасыл» аймақта болса да әлі де пандемиямен күресті қарқынды жалғастыруда. Өңірде дәрі-дәрмектің екі айға жеткілікті қоры бар және бюджеттен медикаменттер сатып алуға 488 млн теңге бөлінген.

Соңғы 5 айда өңірде өңдеу өнеркәсібі 2,8 және шағын және орта бизнес 7,3 процентке өскен. Мұндай өсім ауылшаруашылығы саласында да байқалады. Одан бөлек, аймақта құрылыс жұмыстары 62,5 процентке артқан. Индустрия саласы бойынша 2020-2025 жылдары аймақта 543 млрд теңгені құрайтын 41 жоба жүзеге аспақ. Бұл өз кезегінде өңірдің 7,4 мың адамын жұмыспен қамтуға көмектеспек.

− Суармалы сумен байланысты проблемаларды ескере отырып, ауыл шаруашылығы өндірісін, әсіресе егіншілікті әртараптандыру, су ресурстарын тиімді пайдалану жөнінде шаралар қабылдаудамыз. Аймақтағы топырақтың тұздылығын ескере отырып, біз күріштен толықтай бас тарта алмаймыз. Дегенмен күріштің алқаптарын азайту үшін жұмыс істеудеміз, − дейді облыс әкімі.

Дегенмен жалпы егістік көлемі 188 мың гектарды сақтап отыр. Яғни, қысқартылған күріштің орнына басқа егін егу жоспарлануда.

Алдағы 5 жылда аймақтың агроөнеркәсіп кешені саласында 76 инвестициялық жобаны жүзеге асыру жоспарлануда. Бұл жобаларға жалпы құны 58 млрд теңге жұмсалмақ. Биыл 8,7 млрд теңгеге 21 жоба жүзеге асырылмақ.

Пандемияның әсерінен бүгінде аймақтың 16 мейрамхана кәсібін өзге бағытқа ауыстырған. Одан бөлек, халықтың басым бөлігімен жұмыс істейтін шағын және орта бизнестің 142 субьек-тісінде «Ashyq» бағдарламасы жүзеге асырылуда.

Тұрғын үй коммуналдық шаруашылығы аясында ауыз су және кәріз жүйелерін жаңғыртуға 1,4 млрд теңгенің, 397 шақырым жолды жөндеуге 17,3 млрд теңгенің жобалары жүзеге асуда. Сонымен қатар аймақта 4 электр стансасы жаңғыртылмақ.

2 БЕТТЕ

АЗИЯДА ЕСІРТКІ КӨЛЕМІ АРТТЫ

Соңғы жылдары әлемде аса қауіпті деп саналатын синтетикалық есірткі пайдаланушылар мен оны сатушылар көлемі артты. Бұл өз кезегінде есірткіге тәуелділікті арттырып, өлімге әкеп соқтыруда. Біріккен ұлттар ұйымының зерттеу нәтижесі бойынша пандемия кезінде Азияда синтетикалық есірткі өндірісі артқан. Осыған байланысты CNN арнасының тілшісі Джошуа Берлингер «Covid-19 әсерінен болған дағдарыс кезінде Азияда метамфетамин өндірісі артты» тақырыбын мақала жариялады.

БҰҰ-ның есебі бойынша жазылған материалда күллі әлем экономикасы тоқтап тұрғанда, Гонконгтік есірткі өндірушілер дағдарысқа бейімделіп, ондаған миллиард долларға есірткі сатқаны жазылған. БҰҰ-ның нашақорлық және қылмысқа қарсы күрес басқармасы жүргізген зерттеуде Шығыс және Оңтүстік-Шығыс Азияда синтетикалық есірткінің көлемі 2019 жылдан бері 19 процентке өскен. Бұл бұған дейінгі көрсеткіштерден екі-үш есе көп. Ұйым есірткінің жалпы құнын атамаған. Дегенмен бұл көрсеткіш 2 жыл бұрын 30 бен 61 млрд доллар арасында бағаланған еді.

− Әлем экономикасы құлдырап, қиын уақытты бастан кешіп жатқан кезде есірткі өндірушілер лезде өз капиталын құрып үлгерген. Өз аймақтарында ғана емес шетелге шығарумен де айналысқан. Қазірдің өзінде олар жұмысын жалғастырып, әлемдік нарықта өз орнын табуға тырысуда, − дейді БҰҰ-ның нашақорлық және қылмысқа қарсы күрес басқармасының Тынық мұхиты мен Оңтүстік-Шығыс Азиядағы өкілі арнаға берген ақпаратында.

Басқарма мәліметінде әлемдегі денсаулық саласы құлдырай бастағанын есірткі жасаушылар тиімді пайдаланып, әр аймақта өз тауарын сатып жатқаны жазылған. Бір айта кетерлігі, олар жасаған есірткілерінің құрамында бақылауы қиын, ем-дом жүргізу мүмкін емес заттар бар. Сонымен қатар құқық қорғау органдары ізін кесуге қанша тырысқанымен олар өздеріне жаңа маршрут пен тұтынушыларды да тауып үлгерген.

Мұндай есірткінің көлемі әсіресе, Камбоджа, Лаос, Вьетнам, Таиланд пен Мьянмада көп байқалған. Ұйымдасқан қылмыстық топтар жергілікті билік өкіл-дерінің коронавирустық инфекциясын таратудың алдын алу мақсатында қолданған шараларын өз пайдасына асырған.

«Көп көлемдегі метамфетаминнің қолжетімділігі мен бағасының арзандығы сұраныс көлемін едәуір арттыруға сеп болуда», − делінген мәлімдемеде.

Басқарма сондай-ақ метамфетаминді ірі көлемде жасайтын бірнеше қылмыстық топ Мьянмамен қоса Камбоджада өз сауда орындарын ашып алған деп күдіктенуде. Жалпы бұл аймақты басқарып отырған дала әскерлері мен қылмыстық топтар өз күндерін есірткі сатудың арқасында көріп отыр деп бұған дейін де күдікке ілінген еді. Камбоджа билігі 2020 жылы 5 синтетикалық зертхананың көзін жойған. Оның 4-де метамфетамин жасалған. Негізінен камбоджиялық билік метамфатиндік зертханаларды ел ішінде ең алғаш рет 2014 жылы құрықтады.

Сатушылар сондай-ақ есірткі құрамына керекті заттарды да жаңа, жауапты органдар білмейтін бағыт арқылы ел ішіне тасымалдаған болуы мүмкін. Ал Лаостың назарға ілінуіне соңғы уақытта елде жиі анықталған синтетикалық және химиялық есірткілер себеп болған. Мұнда көбіне есірткілер жеңіл көлік арқылы тасымалданған. Метамфетаминді анықтау көрсеткіші мұнда 2019 жылға қарағанда 10 есе өскен. Ең көбі Мексикадан Австралияға қарай бағытталған 500 келі есірткі болған.

Ұйымдасқан қылмыстық топтар көбіне жоғары Меконг пен Мьянманың Шан штатында көптеп таралған. Олардың мұнда тұрақтауының себебі – ашық шекара химиялық заттардың тұрақты жеткізілуіне көмектесуде.

Ақпанда Мьянмада болған төңкеріс биліктің күшін әлсіретіп алды. Сондықтан әлемдік эксперттер бұл жылы есірткі көлемін кеміту оңайға соқпайды деген тұжырым жасауда.

«Экономика құлдыраған тұста заңсыз экономика күшеюі әбден мүмкін. Біз осының алдын алуға барынша тырысып жатырмыз», − дейді БҰҰ-на қарасты басқарма.

Жалпы бұл заңсыз өндіріс тек бір елдің ғана емес күллі жер жаһанды алаңдататын мәселе. Себебі қолжетімді есірткі саналатын метамфетамин аса қауіпті және өлімге алып келуі тез.

4 БЕТТЕ

АЙТАЙЫН ДЕГЕНІМ...



ЕГЕМЕН ЕЛДІҢ «ЕГЕМЕН» КӨШЕСІ:

сусыз, жарықсыз, жолсыз

Редакцияға қалаға қарасты КБИ шағын ауданындағы «Егемен» көшесі-нің тұрғындарынан хат келді. Онда тұрғындар өздерінің көшесіндегі жол, су, жарық сынды проблемаларды тізіп жазған. Өздерінің айтуынша, біздің көмекке жүгінгеннен басқа амалдары қалмапты.

Тұрғындар жазған мәселелердің ішінде жол жайы бар. Тұрғындардың айтуынша, «Егемен» көшесінен үл-кен көше саналатын «Жаппасбай батырға» шығатын жол жоқ. Бұл көшеде тұратындар көпқабатты үйді жағалап барып, «Жаппасбай батырға» шығып жүр. Көктем мен күзде ол жердің батпағына батпау, балшығына былғанбау мүмкін емес. Одан бөлек, су мәселесі де бар. Қыста су қатып қалса, жазда тамшыдан сәл-ақ артық екпінмен ағады. Жарықтың да күші көңілге қонымсыз. Тұрғындар үй саларда электр желісін өздері тартып алған, ағаш бөренелер қойған. Соның әсерінен үйдегі жарық май шамның жарығындай ғана болып сығырайып тұрады екен. Оқырмандар хатындағы мәселелерді өз көзімізбен көру мақ-сатында «Егемен» көшесіне қарай тарттық.

Ә дегеннен көшенің басты проблемасы бірден байқалды. «Егеменге» жету үшін көпқабатты үйлердің жанымен өту керек. Ал ол жер құм мен батпаққа толы, жай жеңіл көлік батып қалуы әбден мүмкін. Жаздың өзінде осындай болып тұрған жерден көктем-күзде қалай өтіп жүргенін елестету қиын. Дегенмен көше бойында жол салу жұмыстары жүріп жатқаны байқалады. Мұны көргенде кәдім-гідей қуанып қалдық. Бірақ тұрғын-дардың сөзінен кейін көңіліміз су сепкендей басылды.

– Жол салынып жатыр. Бірақ асфальт емес жай тас төсеп жатыр. Оған да шүкір дер едік, бірақ бұл жолдың пайдасы шамалы болайын деп тұр. Себебі мердігер мекеменің айтуынша олар тек көшенің бойына ғана төсейді екен. Ал біздің көше тұйық. Екі жағынан да орталық көшеге шығу оңай еместігін өздеріңіз көрдіңіздер, – дейді «Егемен» көшесінің тұрғыны Мұсабек Шамшатов.

3 БЕТТЕ

АҒАЙЫН, «АҚМЕШІТ АПТАЛЫҒЫНА» ЖАЗЫЛДЫҢЫЗ БА?

Міне, баспасөзге 2021 жылдың екінші жарты жылдығына жазылу басталды.
Қапы қалмаңыз, сүйікті газетіңіз төріңізде тұрсын!
Жекелер үшін 6 айға – 2500 теңге, мекемелер үшін – 3500 теңге.
Баспасөзге қатысты сауалдарыңыз болса, мына нөмірлерге хабарласыңыздар:40-05-81, 70-14-08

ДЕПУТАТ МІНБЕРІ

Жорабек НҰРЫМБЕТОВ, қалалық мәслихат депутаты:

ДАРИЯ СУЫНА ТӘУЕЛДІ БОЛМАУЫМЫЗ КЕРЕК

Халық қалаулысы – халық таңдауы. Әрбір депутаттың мойнында соған лайық жауапкершілік жүгі бар. Ел сенімін арқалаған жандар сол үдеден шыға алса, лайықты бағасын алады. Бұл жолы үш рет қалалық, бір рет облыстық мәслихат депутаты болған, халықтың берген бағасын бәрінен артық санайтын халық қалаулысы Жорабек Нұрымбетовпен сұқбаттастық. Тек депутат қана емес, тәжірибелі маман әрі қаланың тыныс-тіршілігімен етене таныс халық қалаулысымен түйткілді түйіндерді тарқатуға тырыстық.

3 БЕТТЕ

ЖАЗҒЫ ДЕМАЛЫСТЫ ҚАЛАЙ ТИІМДІ ӨТКІЗУГЕ БОЛАДЫ?

Әрине, жаз келді дегеннен оқу жылы аяқталып, демалысқа шығатын кез келді деуге болады. Мектеп жасындағы балалар үшін бұл кезеңнің маңызы ерекше. Күнделікті сабақтар артта қалып, осы уақытты балғындар барынша қызықты әрі көңілді өткізуді армандайды. Оның ішінде қала баласының үш ай демалысты тиімді пайдаланғаны жөн. Өйткені бос жүрген оқушы көше бұзықтарына еріп кетуі әбден мүмкін. Осы орайда, қалалық білім бөлімі балалардың жазғы демалысын тиімді ұйымдастыруға байланысты бірнеше іс-шара өткізуде.

2 БЕТТЕ

АЙМАҚТА МӘСЕЛЕ ДЕ, ОНЫҢ ШЕШІМІ ДЕ БАР

Өңірдің намысын қорғап жүрген «Қайсар» футбол клубының бүгінде премьер лиганың соңғы орнында қалуының себебін сұраған тілшіге аймақ басшысы легионерлердің азаюымен байланыстырып, жауап берді.

− Пандемияға дейін «Қайсар» футбол клубына 4 млрд-тан астам қаржы бөлінген. Соның арқасында клуб құрамында мықты легионерлер болған. Бірақ пандемия кезінде біз бөлінген ақшаны 1,2 млрд-қа дейін төмендеттік. Көптеген легионермен келісімшарт тоқтатылып, қазіргі кезде клубтың 60 проценті жергілікті спортшылар, − деді облыс басшысы.

Басы 1-бетте

Арал ауданындағы малдың қырылуын Г.Әбдіқалықова қыстың ұзақтығы мен жауын-шашынның аздығымен байланыстырды. Малға азық жеткізуге байланысты жедел шаралар қабылданып, соңғы екі аптада 500 тонна мал азығы Қармақшы, Жалағаш, Сырдария аудандары мен Ақтөбе облысынан жеткізілген.

Одан бөлек, биыл өңірдің 42 ауылдық округінде әкім сайлауы өтпек. Аймақ басшысы Сыр өңірі бұл сайлауға толықтай дайын екенін және әр ауданда округ әкімінің сайлауы өтетінін хабарлады.

Ал Сырдария өзеніндегі су деңгейінің азаюынан туындаған мәселелерді шешу мақсатында көршілес мемлекеттермен келіссөздер жүргізілуде. Бұл туралы облыс әкімі спикердің қойған сұрағына берген жауабында айтты: «Келіссөздермен Үкімет пен Экология, табиғатты қорғау және геология министрлігі айналысып жатыр. Қырғызстан, Өзбекстан және Тәжікстанмен бірнеше келіссөздер жүргізілді. Бірақ қазіргі кезде ең маңыздысы су транзит арқылы өтетіндіктен, үшжақты келісімдер жоспарланып отыр. Бұл жөнінде біз өзіміздің барлық ұсыныстарымызды бердік. Бүгінде облысқа 555 текше метр су келіп жатыр. Бұл күрішті сумен бірінші бастыруға жетті. Әрі қарай Үкімет және Министрлікпен бірігіп егістікті сумен қамтамасыз ету үшін жұмыс істейтін боламыз», − деді аймақ басшысы.

Шыны зауытының құрылысы әкімнің айтуынша, биыл аяқталып, жыл соңына қарай алғашқы өнімін де бермек: «Зауыт өте үлкен. Оның құрылысы 81,4 процентке, қондырғы жабдықтарының орнатылуы 34 процентке аяқталды. Қазір қарқынды жұмыс жүріп жатыр. Енді пеш пен ванна орнату қалды. Бүгінде шетелден 49 арнайы маман келіп, пеш құрылысын жүргізуде», − деді облыс әкімі.

Арал ауданындағы кальцийлендірілген сода өндіру зауытының құрылысына экологиялық рұқсат бар. Әкімнің айтуынша, бұл зауыттан шыны зауытына шикізат алу жоспарланып отыр. Зауыт құрылысының құжаттары қазіргі кезде дайындалып жатыр. Сонымен қатар бұл зауыт 700 орындық жұмыс көзі де болмақ. Оның маңайындағы сервистік мекемелерде де 500 адамға жұмыс орны ашылмақ. Ал зауытқа 92 млрд теңге инвестиция құйылмақ.

Жол саласының ақылы болуы, әсіресе Шымкент-Қызылорда бағытындағы жолдың ақылы немесе тегін болып қалуы министрліктің шешіміне байланысты екен. 424 шақырым болатын Қызылорда-Жезқазған бағытындағы жолдың 208 шақырымы Қызылорда өңіріне тиесілі. Қазіргі таңда жоба-сметалық құжаты мен экспертизасы жасалған. Енді мердігер мекеме анықталып, жол құрылысы басталмақ. «Министрліктің айтуынша, жол құрылысын биыл бастауға мүмкіндік бар. Бірақ осы 2-3 жыл көлемінде жол толықтай жөнделеді», − дейді облыс әкімі.

Аслан НҰРАЗҒАЛИ

ЖАЗҒЫ ДЕМАЛЫСТЫ
ҚАЛАЙ ТИІМДІ ӨТКІЗУГЕ БОЛАДЫ?

Былтырғы оқу жылында оқушылар эпидемиологиялық ахуалға байланысты қашықтан білім алды. Онлайн форматта білім беру мен оқудың өзіндік жөн-жосығын ұстаздар қауымы мен оқушылар жақсы біледі. Осыған орай қазір білім беру сапасын арттыру және шектеу шаралары кезінде жіберілген олқылықтың орнын толықтыру үшін жазғы мектеп ұйымдастырылуда. Әрине, бұл – бала уақытын тиімді пайдалану үшін таптырмас мүмкіндік. Бір айта кетерлігі, мұны өткізу қосымша қаржыны талап етпейді. Мұғалімдер биылғы оқу жылына бекітілген тарификация шегінде жұмыс істеуде. Сондықтан оларға кезекті еңбек демалысы 19 маусымнан кейін берілмек. Оқушылар сабаққа еркін формада қатысады және оларға үй тапсырмасы берілмейді. Бұл жерде үлгерімі төмен оқушылар басты назарға алынған.

Сонымен қатар маусым айынан бастап, қаладағы 55 мектепте күндізгі тынығу лагері өз жұмысын бастады. Онда 7749 оқушы қамтылып, оқытуға 1106 педагог тартылды. Жазғы сауықтыру лагеріне бірінші кезекте жетім, ата-ана қамқорлығынсыз қалған, аз қамтылған, мүмкіндігі шектеулі және көпбалалы отбасынан шыққан балалар қамтылады.

– Бүгінде балалардың жазғы демалысын тиімді пайдалану мақсатында И.В.Панфилов атындағы №5 мектеп-лицей жанынан құрылған «Балдырған» күндізгі тынығу лагері жұмыс істеуде. Алғашқы күннен бастап лагерь бүлдіршіндері қауіпсіздік шарасымен танысты. Мұндағы әрбір баланың демалыс уақыты қызықты өткізіледі деген сенімдеміз. Себебі, бір маусым бойы түрлі спорттық ойындар мен мерекелік шаралар өткізілмек. Қазір лагерге отбасылық тұрмыстық жағдайын тексеру арқылы 50 оқушы қамтылды, – деді мектеп директорының оқу-тәрбие ісі жөніндегі орынбасары Толқын Тастаева.

Басы 1-бетте

Бұл шараның басты мақсаты – демалысты балалар үшін тиімді өткізу. Олардың шығармашылық мүмкіндігін шыңдау мен жеке қызығушылығын ояту. Осылайша баланың мүмкіндіктерін дамыту. Сонымен қатар «Талдысу», «Зерентай» тынығу лагерлері ұйымдастырылмақ.

Лагерь – екі күнде бір болатын би кешімен, қызықты ойынымен, үлкен алау түбінде айтылатын әңгімесімен қызық. Тіпті онда 15 күн өткізсе де біраз жағымды естелік жинап қайтары сөзсіз. Біз көп нәрсені ұсақ-түйек санаймыз. Ал мән беріп қарасақ, жазғы лагерьлер – тек демалыс орны ғана емес, үлкен тәрбие мен үгіт-насихат құралы. Мәселен, балалар мұнда демалып қана қоймай, денсаулығын түзейді, қоршаған ортаны танып, достыққа бейімделеді.

– Жазғы демалысқа шыққан әрбір бала арман-қиялдың жетегінде, жүректері алып ұшып жүр. Қызым биылғы оқу жылын үздікке бітірді. Сондықтан мектеп жанынан ашылатын тынығу лагерінде тынығады. Балалардың жазғы демалысын тиімді өткізу мақсатында ұйымдастырылған бұл жобаға қуаныштымыз. Себебі, қызым жыл сайын лагерьге баруға асығады. Балалардың жазғы демалысының қызықты өтуіне тікелей атсалысып отырған ұстаздарға алғысымыз шексіз, – деді көп балалы ана Анар Жансейтова.

Кейбір балғындар жазғы уақытын түрлі ізденулермен болашағына пайдалы болатын нәрселерді меңгеріп, үйреніп мәнді пайдаланады. Өкінішке орай, кейбірі текке өткізіп алады. Бұлардың бәріне жіті мән беріп, қадағалап отырар болсаңыз, оң нәтижесін берері анық. Балаңыз жазғы демалысты тек демалу, ойнау, қыдыру үшін асыға күтеді деп ойламаңыз. Сонымен қатар ата-анасымен әңгіме айтып, қасында көбірек болуды қалайды. Мейілінше балаға көңіл бөліп, қайта оралмас алтын уақытты бірге өткізуге тырысыңыз.

Ақмарал ҚАДЫРХАНҚЫЗЫ

ҚАЛА ӘКІМДІГІНДЕ

ЖҰМЫС ЖАУАПКЕРШІЛІКПЕН АТҚАРЫЛУЫ ТИІС

Осы аптаның сәрсенбісінде Қызылорда қаласының әкімі Ғанибек Қазантаевтың төрағалығымен аппараттық мәжіліс өтті.

Мәжіліс басталмас бұрын бұған дейін шаһар басшысының кеңесшісі қызметін атқарған Әмірбек Шаймағанбетовке қаланың ең жоғарғы марапаты «Құрмет грамотасы» табысталды. Сондай-ақ осы кезге дейін Қызылорда қаласының қорғаныс істері жөніндегі басқармасының бастығы лауазымын атқарып келген Руслан Намазбаев қорғаныс саласында еңбек сіңірген жылдарына орай зейнетке шығуына байланысты Қазақстан Республикасы Қорғаныс министрінің орынбасары, Қарулы күштер бас штабы бастығының 2021 жылғы 4 маусымдағы бұйрығымен өз қызметін тоқтатты.

Жас ұрпақты отансүйгіштікке тәрбиелеу, олардың патриоттық рухын ояту жолында аянбай жұмыс жасағаны үшін Руслан Бауыржанұлы қала әкімінің «Алғыс хатымен» марапатталды.

Мұнан соң кадрлық өзгерістер жайлы сөз болды. Осы жылдың 2 маусымынан бастап Асқар Айдос Асқарұлы қалалық мемлекеттік сатып алу бөлімінің басшысы қызметіне тағайындалса, 8 маусымнан бастап «Қызылорда тазалығы» жауапкершілігі шектеулі серіктестігінің директоры қызметіне Құлмағанбетов Талғат Бекмұрзаұлы тағайындалды.

Аппараттық мәжілістің күн тәртібінде үш мәселе қаралып, жауапты сала басшылары өзекті тақырыптарды ортаға салды.

Күн тәртібіндегі алғашқы мәселе бойынша қалалық қаржы бөлімінің басшысы Сейтмахан Айменов хабарлама жасап, жыл басынан бері бюджет қаржысының қаншалықты игерілгенін сөз етті. Бөлім басшысы бюджет қаржысының 2021 жылдың 1 сәуіріне Қызылорда қаласы бюджетінің кіріс бөлігі жалпы 112,7%, оның ішінде қаланың өз кірістері 146,2% орындалғанын, 1 шілдесіне қала бюджеті 99,9 % игерілгенін жеткізді.

Мұнан соң қалалық кәсіпкерлік, өнеркәсіп және туризм бөлімінің басшысы Бағлан Аманкелдиев қаладағы кәсіпкерлікті дамыту бағытындағы мемлекеттік бағдарламалардың орындалу барысы туралы хабарлама жасады.

Жалпы Қызылорда қаласында 26358 шағын кәсіпкерлік субъектілері тіркелген. Облыс бойынша жұмыс істеп тұрған шағын және орта кәсіпкерлік субъектілерінің 45,5 проценті Қызылорда қаласының үлесінде. Өткен жылы шағын және орта бизнес субъектілері 263,1 млрд теңгенің өнімі шығарылып, онда 50 мыңнан аса адам жұмыспен қамтылған.

Мемлекеттік бағдарламалар аясында құны 7,4 млрд теңгені құрайтын 781 жоба қолдау алып, бұл жобалар аясында 802 жаңа жұмыс орны ашылды. «Нәтижелі жұмыспен қамту және жаппай кәсіпкерлікті дамытудың 2017-2021 жылдарға» арналған бағдарламасы аясында Қызылорда қаласы мен қалаға қарасты кент және ауылдық округтер бойынша жоба құны 221,6 млн теңгені құрайтын 31 жоба қолдау тапты. «Бизнестің жол картасы – 2020» бизнесті қолдау мен дамытудың бірыңғай бағдарламасы шеңберінде биылғы жылдың 5 айының өзінде жалпы құны 6,9 млрд.теңгені құрайтын 430 жоба қаржыландырылды. Бөлім басшысының хабарламасынан түйген ой осы болды.

Шаһар басшысы жыл басынан бері мемлекеттік бағдарламалар бойынша Қарауылтөбе, Қызылөзек, Талсуат ауылдық округтерінде бірде бір жоба жоқтығын сынға алып, қалалық кәсіпкерлік, өнеркәсіп және туризм бөлімінің басшысы мен әкімдерге бұл мәселе бойынша нақты жұмыстарды жүргізуді, көрсеткіштердің төмендеуіне жол бермеуге өз орынбасары Бектас Балғабайұлына осы бағыттағы жұмыстарды күшейтуді тапсырды.

Сондай-ақ Ғанибек Қонысбекұлы сала басшыларына қаржы ұйымдарымен бірлесіп кәсіпкерлік саласын дамыту мақсатында қабылданған мемлекеттік бағдарламалардың мүмкіндіктері мен шарттарын түсіндіруді, өз кәсібін жаңадан ашқысы келетін бастамашыларды кәсіпкерлік негіздеріне тарту мақсатында түсіндірме жұмыстарын тұрақты түрде жүргізуді, мемлекеттік бағдарламалар бойынша жыл соңына дейін елді мекендерден жобалар шығаруды, кәсібін жаңадан ашқысы келетін бастамашыларға арнайы оқыту семинарларын ұйымдастырып, кәсіптерінің жүзеге асырылуы бойынша нақты жұмыстарды үйлестіруді тапсырып, нәтижелі орындалуын өз бақылауына алып, қадағалайтынын жетікізді.

Мәжілістің үшінші мәселесінде бұқаралық спортты дамыту бағытында атқарылып жатқан жұмыстар туралы қалалық дене шынықтыру және спорт бөлімінің басшысы Айбек Орманов хабарлама жасады. Бөлім басшысының сөзінше, қаладағы барлық спорт объектілерінде мүмкіндігі шектеулі спортшылардың дене шынықтыру-сауықтыру қызметтерін тегін пайдалану шешімін тапқан. Бүгінде отырып ойнау волейболы, жеңіл атлетика, парапауэрлифтинг бөлімшелері жұмыс жасайды. Ұлттық және бұқаралық спортты дамыту бойынша қалалық дене шынықтыру және спорт бөліміне тікелей бағыныстағы Қажымұқан Мұңайтпасұлы атындағы спорт клубында жастардың бос уақытын тиімді пайдалану және бұқаралық спортты дамыту, спортқа тарту мақсатында әртүрлі спорттық үйірмелер ашылып, қазіргі таңда клубта спорттың 15 түрінен үйірмелер ұйымдастырылып, 1354 қала тұрғыны спортпен шұғылдануда.

Қызылорда қаласының тұрғындарын бұқаралық спортқа тарту мақсатында – «Қайнар спорт клубы» қоғамдық бірлестігі қалада және қалаға қарасты 9 елді мекенде тұрғындар мен жастар арасында бұқаралық спортты дамыту, жастардың бос уақытын тиімді өткізу мақсатында, сауықтыру, дене шынықтыру жұмыстарын жүргізетін болады.

Халықтың әлеуметтік әлсіз тобы қатарындағы қала тұрғындарын қолдау мақсатында әр ай сайын аз қамтылған, көпбалалы отбасындағы балаларға және қала жастарын қол жетімді спорт инфрақұрылымымен қамту бойынша «Евразия» жүзу бассейніне, «Мұз айдыны» мұзға сырғанауға жолдамалар берілген.

Биыл Қажымұқан Мұңайтпасұлы атындағы спорт клубының спортшылары Қазақстан Республикасы мен Азия чемпионаттарында және Әлем чемпионаттары мен кубоктарында 61 рет жеңіс тұғырына көтерілді.

Өткен жылы кенже қалған спорт түрлерін дамыту бойынша облыстық жобалық кеңсеге үстел теннисі ұсынылған болатын. Өз кезегінде жоба қолдау тауып, қаламыздың 15 мектебіне 40 үстел теннисі орнатылып, үйірмелер жүргізіліп, қазіргі уақытқа дейін жұмыстар жалғасуда. Қалалық денешынықтыру және спорт бөлімінің басшысы осы негізде баяндама жасады.

Қала әкімі Ғанибек Қазантаев сала басшыларына қала тұрғындарын бұқаралық спортқа тарту мақсатында арнайы сайыстар және қалаға қарасты кент және ауылдық округтер бойынша арнайы спартакиада ұйымдастыруды, қалалық білім бөлімімен бірлесіп жазғы демалыс кезінде оқушылардың бос уақытын тиімді пайдалану бағытында атқарылатын жұмыстарды үйлестіруді тапсырды.

«Ақмешіт-ақпарат»

ДЕНСАУЛЫҚ

ВАКЦИНА – індетті тоқтататын қадам

Қала әкімінің орынбасары Бектас Нұридинов жауапты сала өкілдерімен бірге кәсіпкерлік нысандар мен денсаулық сақтау мекемелерін аралады. Мақсат – коронавирусқа қарсы вакцинациядан өтудің маңыздылығы туралы ақпараттық-түсіндіру жұмыстарын жүргізу.

Жиналғандарға облыстық денсаулық сақтау басқармасы басшысының орынбасары, санитарлық-эпидемиологиялық бақылау басқармасының қызметкерлері коронавирустық инфекцияға қарсы вакцинация шарттары мен ережелерін, сондай-ақ ұжымдық иммунитетті қалыптастыру қажеттілігін айтып, нұсқаулық таратты.

Іс-шара аясында қала әкімінің орынбасары Б.Нұридинов барлық кәсіпкерлерді, қала тұрғындарын ерікті вакцинациядан өтуге шақырды.

– Әсіресе кәсіпкерлік нысан өкілдері заңды тұлға ретінде халықпен жұмыс жасау барысындағы жауапкершілікті сезінуі керек. Пандемияны тоқтатудың бірден-бір тиімді әдісі вакцинация екенін ұмытпауларыңызды сұраймыз, – деді қала әкімінің орынбасары.

Камила ДӘРІҚҰЛОВА,
Қорқыт ата атындағы Қызылорда университетінің III курс студенті

Жорабек НҰРЫМБЕТОВ, қалалық мәслихат депутаты:

ДАРИЯ СУЫНА ТӘУЕЛДІ БОЛМАУЫМЫЗ КЕРЕК

– Жорабек Ибрагимұлы, бұған дейін де бірнеше рет қалалық, облыстық мәслихат депутаты болдыңыз. Халық қалаулысы болудың да өзіндік жауапкершілігі бар. Депутат болудағы мақсатыңыз қандай?

– Депутат болудағы басты мақсат – ол елдің мұң-мұқтажын билік басындағыларға жеткізе отырып, соның шешілу жолын табу. Қай әкім, қай халық қалаулысы болсын халықтың көкейіндегі мәселесін шешуге ықпал етіп, алғыс алса оған одан артық баға керек емес. Менің негізгі ұстанымым осы. Бұған дейін үш рет қалалық мәслихатта, бір рет облыстық мәслихатта депутат болдым. Өзің сайланған аумақтың түйткілді мәселесін көтеріп, тұрғындардың ойындағысын жеткізе алсаң және оның оң нәтижемен шешілуіне үлес қоссаң халық соған лайық бағалайды. Ең алғаш қалалық мәслихаттың депутаты болып Тасбөгет кентінен сайландым. Ол кезде кент тұрғындарын аяқ су мәселесі толғандырды. Мәселені шешу барысында демеушілік есебінен насос қондырғыларын орнатып, аяқ су жүргізілді. Одан басқа да мәселе қозғалып, түйіні тарқады. Кейін КБИ мөлтек ауданынан сайлауға түстім. Ол тұста шағын ауданға ел-жұрттың енді қоныстанып жатқан кезі болатын. Ең өзекті мәселесі мектеп ретінде берілген ескі ғимараттың еш талапқа сай келмеуі еді. Осыны облыс төңірегінде қозғап, халықтың атынан өтініш айтып, жаңа білім ошағын салуға мұрындық болдық. Мұны жергілікті тұрғындар әлі күнге дейін айтып жүреді. Осыдан соң жұртшылықтың біздерге деген сенімі қалыптасты. Халық қалаулыларының елдің жағдайын ойлап, сол жолда еңбек ететініне көз жеткізді. Осылайша халық сенім артып, бірнеше мәрте депутат болдық.

– Қаланың дамуы, ондағы өзекті мәселелер сізге жақсы таныс. Бүгінгі күні соның ең маңыздысы не?

– Соңғы бес жылдағы облыстың даму қарқыны баршаға белгілі. Дамыған сайын халықтың сұранысы да, талабы да артатыны анық. Осы ретте кейбір олқылықтардың барын жасыра алмаймыз, мәселен, сол жағалауда салынып жатқан үйлердің коммуналдық жағдайы көңіл көншітпейді. Сонымен қатар қаламыздың архитектуралық келбетін өзгертетін уақыт келген сияқты. Жаңадан бой көтерген үйлердің ішкі көлемі тарлық ететіні бар. Жас отбасы дегенмен, ертеңгі күні өсіп-өнетінін ойласақ, бөлмелерінің кең болғаны жақсы. Біз осы кезге дейін жол, жарық мәселесіне басымдық бердік. Ендігі кезек аяқ суға жеткен сияқты. Қазір осы мәселе көбірек ойландырады. Дария суының жылдан жылға азайып бара жатқанын көз көріп отыр. Бұл – табиғат заңдылығы. Бір мезетте су тартылады, біршама жылдан кейін қайта толады. Біз дария суына тәуелді болмауымыз керек. Қазір Кіші Аралды сақтап қалуға басымдық берілуде. Осы ретте дренажды скважиналар салу арқылы жер асты суын пайдалануға болар еді деп ойлаймын. Бұл өз кезегінде аяқ су мәселесін шешуге, жерасты суы деңгейін төмендетуге ықпал етіп, үшіншіден дарияға сеп болып, су түсірер еді. Бұл ойымды қазір зерттеп-зерделеу үстіндемін. Алдағы уақытта осы ұсынысымды облыс, қала басшылығына, қоғамдық кеңес алдында көтерсем деген жоспар бар.

Басы 1-бетте

– Бүгінгі күннің өзекті мәселесін қозғадыңыз. Көп жылдан бері су шаруашылығы саласын басқарасыз. Аймақтағы қазіргі су тапшылығына тоқталайықшы...

– Өткенде аймаққа ҚР Экология, геология және табиғи ресурстар министрлігінің вице-министрі Серік Қожаниязов арнайы іс сапармен келді. Сонда елімізге су ресурсының 93 проценті көрші мемлекеттерден түсетіні айтылды. Тек 7 проценті ғана еліміздің төңірегінде орналасқан екен. Сырдария өзені трансшекаралық өзен болғандықтан оған түсетін су Қырғызстан, Тәжікстан, Өзбекстан арқылы өтеді. Сондықтан осы мемлекеттердегі су қоймасына тәуелді болып отыр. Былтыр сол су қоймаларындағы жиналған судың көлемі 2 миллиардқа кем жиналса, биыл ол көрсеткіш 3 миллиардқа жеткен. Соның салдарынан Шардара су қоймасына түсетін су көлемі де азайды. Су тапшылығын болдырмас үшін қыста түскен суды Шардара (5 млрд) мен Көксарай (2 млрд) су қоймасына жинадық. Қазір егістікке осы жиналған су пайдаланылуда. Өкінішке қарай, егінді бітік шығару үшін әлі де 1 млрд текше метрдей су қажет. Аталған іссапар барысында Экология, геология және табиғи ресурстар вице-министрі Серік Салауатұлы Қырғызстан, Тәжікстан елімен алдағы 3 жыл көлемінде жаз айларында су алу үшін келісім жасалғанын жеткізді. Бірақ олардан келетін су Өзбекстан арқылы өтетін болғандықтан бұл мемлекетпен де келісімге келу қажет. Соның аясында қазір келіссөздер жүргізіліп жатқан көрінеді. Келісімге келсе бұл мәселе де оң шешімін табар еді. Аймақтың негізгі өнімі күріш болғандықтан суды көп қажет етеді. Десе де егістікті әртараптандырып, күріш егісінің көлемі азайды. Бүгінгі таңда егістіктің 90 проценті суға бастырылды.

– 2018 жылы Шіркейлі арнасының бойындағы гидроқондырғылар толықтай автоматтандырылады деген едіңіз. Бұл өз кезегінде су тасқыны қаупін төмендетіп, су тапшылығын болдырмауы керек еді. Нәтижесіз іс болғаны ма?

– Мәселені жақсы қозғадыңыз. Шіркейлі арнасын екінші дария деп атаймыз ғой. Себебі оның бойында 4 ауданның 88 мың гектар егістігі орналасқан. Арнаға осыдан 3-4 жыл бұрын республикалық бюджеттен қаржы бөлініп, оған тазалау, гидротехникалық құрылысын жөндеу жұмыстары жүргізілді. Бірнеше кезеңнен тұратын жөндеу жұмыстары өкінішке орай аяқсыз қалды. Оған бөлінген қаржының жетіспеушілігі, қажетті заттардың қымбаттауы себеп болды. Соңында мердігер мекеме бөлінген ақшаның толық игерілгенін, ал қондырғыларды автоматтандыру үшін қосымша қаржы керектігін айтып, келісім тоқтап қалды. Бұл жағдай билік басындағы басшыларға жақсы таныс. Іс сапармен келген Серік Салауатұлына да мәселенің мән-жайы толық түсіндірілді. Басталған істі аяқтауға дәл қазір уақыт та кеш. Алайда алдағы кезеңде қайта қаржыландырып, тиісті жұмыстарды атқару жоспарда бар.

– Осы жолы депутат ретінде мына мәселенің шешілуіне ықпал етуім немесе нақты шешуім керек деген жоспарыңыз бар ма?

– Нақты осы жолы демей-ақ қояйын, бірақ осы кезге дейін оң шешілуіне ықпал еткен түйткілді мәселе жетерлік. Оның барлығын көпшілік біле бермеуі мүмкін. Депутаттар тек сайланған аумақтың жайын емес, қоғамның өзекті мәселесін де қозғайды. Дегенмен сайланған округте атқарылған іспен баға беріледі. Мәселен, бастапқы кездері КБИ мөлтек ауданы тұрғындары ауыз су ретінде дария суын тұтынды. Дария суын қайнатып, тазартып ішті дегенмен денсаулыққа зиян екені белгілі. Осы мәселені өзім әрі маман, әрі депутат ретінде қаузап, Қызылжарма жер асты суын пайдалануға ұсыныс тастадым. Нәтижесінде республика бюджетінен қаржы бөлініп, скважина қазылып, су қоймасы салынды. Таза жер асты суын пайдалануға аталған мөлтек аудан тұрғындары да қол жеткізді. Сондай-ақ Тасбөгет кентіндегі көптен бері қордаланып қалған жол мәселесін де облыстық мәслихат депутаты болғанда қозғадым. Кенттегі негізгі жолдардың салынғанына 50-60 жыл болған. Содан бері жөндеу көрмеген тас жолдар кент тұрғындарының базынасына айналған еді. Осы жайтты сол кездегі аймақ басшысы Қырымбек Елеуұлына айтып, соған 987 млн теңге қаржы бөлінді. Бүгінгі күні кенттегі біршама көше асфальтталып, жарық бағаналары орнатылды. Сол сияқты мұнда спорт мектебін салуға да ықпал еттім дей аламын. Кенттен қаншама спортшы ұл-қыздар шығып, жеңімпаз атанып жүр. Бірақ олардың дайындық жасайтын орны жоқ. Қазіргі таңда жаңа спорт мектебінің іргесі қалануда. Тағы бір айта кетер жайт, Белкөл кентінде біраздан бері қозғалып жүрген мәселе өздеріңізге жақсы таныс. Ол кентті кесіп өтетін теміржолдың арғы беті мен бергі бетін байланыстыру. Ондағы қоныстанушылар саны артып, бүгінде теміржолдың арғы бетінде де бір қауым ел тіршілік етуде. Олардың бергі бетке өтуі, жұмысқа қатынауы, мектепке баруы үшін осы 11 жолақты теміржолды кесіп өтеді. Тұрғындарды толғандырған жайт осы. Ал мәселені шешу үшін аспалы көпір салу көптен бері ұсынылған. Бірақ, осы кезге дейін рұқсат берілмегендіктен шешімін таппай келді. Мәселе республика көлемінде көтерілді. Қазіргі таңда жоба-сметалық құжаты әзірленіп, сараптамадан өткізіп, көпір салуға рұқсат берілді. Оған облыстық бюджеттен 248 млн теңге бөлінетін болып шешілді. Ал құрылыс жұмысы биыл немесе келер жылы басталуы тиіс деп күтілуде. Бұдан бөлек елді мекендерде мәдениет үйін салу, аяқ су сияқты т.б күн тәртібіндегі мәселелер бар.

– Тасбөгет кентінде жаңа емхана ғимаратын салу көптен көтеріліп жүр. Шешілетін ыңғайы бар ма?

– Өте орынды сұрақ. Қазір кентте орналасқан №4 қалалық емхана ғимараты бұрын пошта байланысы қызметінің мекемесі болған. Ол емхана талабына сай келмейді. Дегенмен қаржы мәселесіне байланысты ескі нысанды пайдалануға тура келді. Енді халықтың сұранысы жаңа емхана ғимаратын тұрғызу болып отыр. Бұл мәселе де біраздан бері айтылып келді. Оның шешімін тапқандай болғанбыз. Емхана салуға ыңғайлы орын белгіленіп, жоба-сметалық құжаты әзірленіп енді салынады деген тұста қаржы тапшылығына байланысты тоқтап қалған. Алайда оған қарамастан жекеменшік-әріптестік негізде салуды қолға алдық. Әні-міне жүзеге асады дегенде жекеменшік-әріптестік жобасы тоқтап қалды. Өкінішке қарай осындай себеппен мәселе сиырқұйымшақтанып кетті. Бірақ емхана жайы осымен бітті деген сөз емес. Кентте туберкулезге шалдыққан науқастарды емдейтін арнайы аурухана бар. Қазір ондағы науқастарды облыстық туберкулезге қарсы диспансерде емдейтін болғандықтан, ғимарат бос тұр. Жыл басында осы мәселені облыстық денсаулық сақтау басқармасы басшысына айтқанмын. Ол аталған ғимарат жөндеуден өткізіліп, толықтай емхана игілігіне беріледі деп уәдесін берді. Бұйыртса, кент тұрғындары алдағы уақытта талапқа сай келетін емхана қызметіне жүгінеді деп сенемін. Халықтың сұранысы жаңа емхана ғимараты болғанымен, көрпемізге қарай көсілуімізге тура келеді.

– Қалалық мәслихат жанындағы бюджет және экономикалық даму мәселелері жөніндегі комиссия мүшесі екенсіз. Қала қаржысына қатысты қандай мәселелер қаралуда?

– Барлық талап-тілектің жүзеге асуы қаржыға байланысты ғой. Халықтың сұранысы да жылдан-жылға артып келеді. Сол себепті қаржыны тиімді бағытқа жұмсаған абзал. Жақында өткен комиссия отырысында қаланың 2021-2023 жылға арналған бюджеті бекітіліп, әр жылда атқарылатын жұмыстар бойынша тиісті қаржы бөлінді. Оның барлығы халықпен кездесу барысында қозғалған ең өзекті деген мәселелер. Енді сол мәселені шешу барысында бөлінген қаржыға, бюджеттік түсімге қарай жоспарлы жұмыс жасалады.

– Әр айдың үшінші бейсенбісі тұрғындарды қабылдайсыз. Қала жұртшылығын қандай мәселе толғандырып жүр?

– Кездесуге келетін тұрғындардың көпшілігі әлеуметтік мәселе бойынша көмек сұрайды. Тіпті кейде өзінің мұқтаж отбасы, көпбалалы ана екенін, мүмкіндігі шектеулі баласы барын айтып, қаржы сұрап келетіндер болады. Ондай кезде тиісті орындардан берілетін көмек барын айтып, жөн сілтейміз. Қолдан келгенше көмектесуге тырысамыз. Кейбір кезде мезетінде шешуге келетін жағдай болса, демеушілік есебінен оң шешім табуына ықпал етеміз. Тұрғындардың бәрі жеке бас мәселесімен келеді деуге де болмас. Кей азаматтар қоғамның жайын айтып жатады. Маңызды деген дүниелерді қозғайды. Айтылған мәселе жоспарда бар болса, барын айтамыз. Тың дүние болса түртіп аламыз дегендей...

– Әңгімеңізге рақмет!

Сұқбаттасқан **Айдана СЕЙІЛ**
Суретті түсірген **Нұрболат НҰРЖАУБАЙ**

ЕГЕМЕН ЕЛДІҢ «ЕГЕМЕН» КӨШЕСІ: СУСЫЗ, ЖАРЫҚСЫЗ, ЖОЛСЫЗ

Жұмыс басында жүрген жолшылардың арасынан басшысынан жауап алғымыз келгенімен онымыздан түк шықпады. Бар білгеніміз, жолды істеп жатқан мердігер «Ерқанат сервис» компаниясы екен. Әкімдік назар аудармаса тұрғындар өздері құм әкеліп, орталыққа шығар жол төсетіп алмақшы...

Ауыз су мәселесі де көңіл бөлуді қажет етеді бұл көшеде. Негізінен «Егемен» көшесінен жер 2000 жылдардан бері қарай берілген дейді тұрғындар. Бұл көшеге ең бірінші болып қоныстанғандарға 15 жылдай болыпты. Оған дейін ешқандай жағдай жасалмаған соң адамдар өз жерлерін сатып, үйлер салынбаған. Бұған дейін ол жер құм болған. Кейін тұрғындарға берілетін болған соң топырағы алынып түзетілген. Осының кесірінен көшенің бергі беті төмен, арғысы жоғары орналасқан. Соның әсерінен жол бойында жатқан судың желісі бергі бетінде таяз көмілген. Бұл өз кезегінде қыста судың қатып қалуына себеп болып тұр.

– Жол салып жатқандар біздің сызбада судың құдықтары мүлде жоқ дейді. Біз солар бетін биіктетіп береді деп ойлағанбыз. Енді амалсыздан өзіміз бетіне топырақ төсеуге мәжбүрміз. Судың құдығына тек 1 «кольцо» салған. Әрі кетсе 1 метр төмендікте жатыр. Қыста қатып қалып, әр көршіден су сұрап жүреміз. Кім бізге күн сайын су бере берсін? Ал ақша алатын кезде «Су жүйесі» келіп жинап кетеді. Менің «есептегішім» (счетчик) айналмаса да ақша төледім. Ол кезде олар судың ақшасын адам басына алды, – дейді көше тұрғыны Ғабиболла Жүсіпов.

Жаз болса судың қысымы төмендеп кететін үрдіс бұл көшеде де бар. Тұрғындар арыз шағымын айтқан кезде де жауапты мекеме «Бұл су жүйесін біз жүргізбедік» деп басын ала қашады екен. Тұрғындар қыс мезгілінде жоқ суға ақша төлейміз деп наразы. Сәуір айына дейін сусыз отырған олар мұның жыл сайын қайталатынын айтып, мезгілін күттірмей шешуді қажет ететін мәселеле екенін алға тартып отыр.

Тағы да айта кетерлігі, жарықтың жоқтығы бұл көшеде. Мұндағы тұрғындар электр желісін арғы көшеден өз күштерімен тарттырған. Ағаштан бағаналар қойып, үйге «жарық» кіргізген. Бірақ электр желісі деген аты болмаса шамдай болып қана жанады. Тұрғындар есептеп көргенде қуаты 180В ғана көрсеткен. Бұл күш тұрмыстық техниканың жұмыс істеуіне жеткіліксіз.

Басы 1-бетте

Ауыз су мәселесі де көңіл бөлуді қажет етеді бұл көшеде. Негізінен «Егемен» көшесінен жер 2000 жылдардан бері қарай берілген дейді тұрғындар. Бұл көшеге ең бірінші болып қоныстанғандарға 15 жылдай болыпты. Оған дейін ешқандай жағдай жасалмаған соң адамдар өз жерлерін сатып, үйлер салынбаған. Бұған дейін ол жер құм болған. Кейін тұрғындарға берілетін болған соң топырағы алынып түзетілген. Осының кесірінен көшенің бергі беті төмен, арғысы жоғары орналасқан. Соның әсерінен жол бойында жатқан судың желісі бергі бетінде таяз көмілген. Бұл өз кезегінде қыста судың қатып қалуына себеп болып тұр.



Қызылорда қаласы
«Ақмешіт апталығы» газетінің
редакциясына
КБИ шағын ауданы, Егемен көшесінің
тұрғындарының атынан

Өтініш

Құрметті редакция ұжымы! Біз КБИ шағын ауданының тұрғындары бүгінгі күнге байланысты қиындық туындатып жатқан мәселелерді айтқымыз келіп отыр.

Егемен көшесіне 15 жыл бұрын қоныстанушылар орналасқан. Бұл аудан күн сайын үй саны көбейіп, тұрғындар саны артып келе жатқан жер. Дегенмен, күні бүгінге дейін жеке тұрғындардың зәулім үйі тұрғызылғанмен бұл жерге ешқандай көңіл бөлінбей келеді.

Ең алдымен жолқатынасы жоқтың қасы, көшелер реттелмеген, үлкен Жаппасбай батыр көшесіне шығатын жол жоқ. Көлік те, адам да көбқабатты үйлерді жағалап шығуына тура келеді. Жауын жауса батпақтан көз ашпайсыз, жеңіл машиналар жүре алмай қалады, жаяу жүргіншіге өте ауыр. Осының салдарынан жедел жәрдем, балабақшаға бала тасымалдау көліктері келе алмайды. Тіпті, тура жолдың болмағандығынан мекенжайды таба да алмайды. Тұрғындардың қыстайғы көріп келе жатқан ауыз су барысындағы қиындығы бір төбе. Судың желісі өте таяз көмілгендіктен көше бойынша су қатып, үш айдан аса уақыт көше бойындағы краннан тасып ішіп отырмыз.

Жарықтың жағдайы мүлдем төмен, тұрғындар электр желілерін өздері тартып алған. Кей күндері май шамның жарығындай болып тұратын күндер бар. Кір машина, қысқа толқынды пештерді көтермейді. Қалада тұрамыз, бірақ жағдайымыз осындай.

Халықтың осылай күн көрісін көріп жатқан жан жоқ. Әкімдер керемет есеп беріп жатыр, ал КБИ шағын ауданы қалаға қарамай ма?

Жерін заңдылықпен беріп, толық құжаттандырып, тұрғын үй салынып халық қоныстанғаннан кейін бұл жерге неге көңіл бөлінбейді? Бұл жердің тұрғындары бізді асыра деп ас-су сұрап отырған жоқпыз. Мемлекеттік тұрғыда істелінуге тиісті, халыққа қажетті жағдай неге жасалынбайды?

Жоғарыдағы мәселелерді кімге айтарымызды білмей әбден шаршаған тұрғындар ақпарат құралдарынан көмек сұрауды жөн көрдік. Біздің мұңымызды тыңдар болсаңыздар, жағдайымызды көзбен көрсеңіздер, жоғарыға жеткізіп көмек берсеңіздер.

Өтініш иелері:
Айтмырзаев С
Шамшатов Ә. М.
Хамбаева Н. К.
Асылов С
Сарымбетова С
Жусупов Ғ.

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ
ҚЫЗЫЛОРДА ҚАЛАСЫ
"СЫР МЕДИА"
ЖАУАПКЕРШІЛІГІ ШЕКТЕУЛІ СЕРІКТЕСТІГІ
Кіріс 03-5-171
«3» 06 2021 жыл

– Үйде нан пісіретін пеш, тоңазытқыш дегендерді қосу мүмкін емес. Тоқтың күші жетпейді. Тіпті кір жуғыш машинаның өзін түнгі сағат 2-3-те қосуға мәжбүрміз. Бұған дейінгі әкімге барғанымызда «Бірден шешілетін мәселе емес» деді. Содан кейін бетон бағаналар алып келді де бір күні барлығын қайта тиеп алып кетті. Сонда XXI ғасырда біз жарықсыз отыруымыз керек пе? – деп наразылығын білдірді тұрғындар.

«Жерін заңдылықпен беріп, толық құжаттандырып, тұрғын үй салынып халық қоныстанғаннан кейін бұл жерге неге көңіл бөлінбейді? Бұл жердің тұрғындары бізді асыра деп ас-су сұрап отырған жоқпыз. Мемлекеттік тұрғыда істелінуге тиісті, халыққа қажетті жағдай неге жасалынбайды?», – делінген тұрғындардың бізге жазылған хатында.

Жай ғана хат емес, тұрғындардың арыз-шағымы десек те болады. Мәселенің қаншалықты өзекті екенін байқау қиындық тудырмас деген ойдамыз. Суы сылдырап жәй ағатын, жарығы сығырайып әрең жанатын, екі басы тұйықталып, кіріп-шығуды қиындатқан жолды біз есепке ала алмадық. Сол себепті «Егемен елдің «Егемен» көшесі: сусыз, жарықсыз, жолсыз» деген тақырыпты мақалаға арқау еттік. Осы жерден тізгінді тартып, жергілікті билік өкілдері Егемен елдегі «Егемен» көшесіне назар аударар деген үміттен сөзімізді түйіндейміз.

Аслан НҰРАЗҒАЛИ



РУХАНИ ЖАҢҒЫРУ

«СӨЗІ ЖОҒАЛҒАН ЖҰРТТЫҢ ӨЗІ ДЕ ЖОҒАЛАДЫ...»

«Біздің бір үлкен кемшілігіміз – осы күні басқа жұрттан бұрын өзімізді өзіміз «киргиз» дейміз. Әуелі, біздің «Қызыл Қазақстан» журналы орысша «Қызыл Киргизстан» деп аталады. Бұл біздің едәуір әлсіздігімізді көрсетеді. Егер де біздің қазақ

жігіттері бұл қатені түзетеміз десе оп-оңай түзетіп әкетер еді. Біздің әр қазақ жігіті «Кир» деген періні тастап, коймастан «қазақ», «қазақ» деген сөзді жұмсап, басқа жұрттың құлағына сіңдіріп үйрету керек. Қазақстанның орталық үкіметі «киргиз» деген есімді жойып, «қазақ» деген есімді қолдануға жарлық (декрет) шығару керек. Қазақты «қазақ» дейік, тарихи қатені түзетейік!» – дейді С.Сейфуллин «Еңбекші қазақ» газетінің 1923 жылғы жарияланған 66-нөмірінде.

Тіл – ұлттың жаны, рухы, халықтың жүрегі, өткені мен болашағы. А.Байтұрсынұлы: «Сөзі жоғалған жұрттың өзі де жоғалады», – деп тілдің ұлтымыз үшін қандай маңызды екенін бір ауыз сөзге сыйдырған. Қазақ тілі – ана тіліміз. Әр адамға ана тілінен артық тіл жоқ. Қай заманда да ата-бабамыз есті сөзбен ессізді тоқтатып, сөзден оймаржанын теріп, ізбасар ұрпақтың санасына құя білген.

Бүгінде өз тілін шұбарлап, өзге тілде сөйлегенді мақтаныш көретін жастар да, үлкендер де жетерлік. Оған қайда жүрсек те куә болып жүрміз. Жастардың орыс тіліндегі сөзді жиі пайдалануы адамды ашындырады. Бұдан бөлек ата заңымыздың 7-бабында Қазақстан Республикасындағы мемлекеттік тіл – қазақ тілі деп көрсетілген.

Орыс тілінің қазақ тілмен бір деңгейде қолданыста жүргені қиын.

ТІЛ

С.Сейфуллин сол замандағы үкіметтің тіл туралы қаулысына көп шенеуніктердің немқұрайлы қарап келе жатқанына қынжылып, ресми газетке келесі мазмұнда ашық хат жариялайды: «Қазақ тілін нақты түрде кеңсе тіліне кіргізу үшін қазақша жазуды жақсы білетін, кеңсе істерін тәуір білетін һәм орысша білетін адамдар керек. Тез шындап іздесе бұлар табылады. Бірақ сонша адам табылғанша қазақ тілін кеңсе істеріне кіргізу тоқтатып қоймай, үсті-үстіне істей беру керек» – дейді. Кезінде ұлтым, халқым, тілім деп басын тәуекелге тіккен ұлт жанашырларының еңбегі еш кете ме деп қорқамын.

Қанша ақын, би-шешен бабаларымызды бұлбылша сайратқан, екпіні мықты толқындай өткір тіліміздің осынау уақытқа дейін тұншығып, қадір-қасиетінен айырылуға шақ қалғанда, ұлтым деп жүрген аға-буын бұрқ етіп қайнаған тілімізді қайта тірілтті. Ұлтымыздың көзі ашылып, қазақ тілі «мемлекеттік тіл» деп жарияланды.

Осы мың өліп, мың тірілген тілдің қадір-қасиетін жоғалтып алмас үшін, ана тілімізді көкке көтеріп, келешек тарих сахнасына мәңгі өшпестей етіп шығару – біздің міндет. Себебі қазіргі «үш тұғырлы» тілдің заманында ана тілімізді өзге тілдердің көлеңкесіне қалдырмай биіктету басты мақсатымыз болып отыр.

Аружан СЕЙДУЛЛА,
Қорқыт ата атындағы
Қызылорда университетінің
ІІІ курс студенті

ЖЫРҒА ЖАСЫРЫНҒАН ЖЫЛДАР СЫРЫ

– Мен қазақ қыздарына қайран қалам,
Жанары жаны жаздай жайраңдаған.
«Қыз өссе елдің көркі» – деген сөзді
Қапысыз қалай айтқан қайран бабам, –

деп қазақ қызының бейнесін сөзбен көркемдеген Исрайл Сапарбайдың туындысы қазақ өлеңдері ішіндегі шоқтығы биік шығармалардың бірі де бірегейі. Өнбойы өнегеге толы, сұлулық пен биязылық, батылдығы мен намысшылдығы қатар қалыптасқан қазақ аруын асқан құрметпен құдіретті қара өлеңге сыйғызған туынды әлі күнге дейін өз биігінен түскен емес, түспейді де. Сырға бай өлеңнің әдемі әнмен толығып, үйлесім тапқаны нұр үстіне нұр болды. Алайда осы өлеңге Рамазан Тайманның композиторлығымен жазылған әннің шығу тарихы желтоқсан оқиғасының құрбаны болған Ләззат Асанованың рухына арналғанын бірі білсе, бірі білмейді.

«1986 жылы Алматы қаласында болған желтоқсан оқиғасына қатыстым. Ол кезде студентпін және Ләззат Асановамен бір оқу тобында болдық. Алаңға бірге шықтық. Жиналған халықтың көптігі сонша Ләззаттардан бөлініп кеттік. Артынан жатақханаға жиналдық. Бізді тергеуге алды. Өзін-өзі өлімге қиярдан 1 күн бұрын Ләззат келіп «Рамазан аға, милиция келіп тыныштық берер емес. Қатыспаған қыздардың да аты-жөнін жазып алып, қатысты деп сыртынан қол қойып беруімді талап етуде, шаршадым, енді қайтпекпін?» – деп сұрады. Не болса да ешкімнің артынан қол қойма деп жол көрсеттім. Осылайша күн өтпестен-ақ Қыздар Педагогикалық Университеті жанындағы жатақханадан бір қыздың сырғасы жоғалған екен. Ләззат ұрлады деген күдікпен шу да шықты. Желтоқсан оқиғасының ауыртпалығынан арылмаған Ләззатқа «ұры» деген атақ қатты батты. Түс ауа коридор шу боп кетті, құлақ салсам «Жатақханадан бір қыз өзін тастамақшы» – деген дауыстар. Қарасам біздің жатақханаға қарама-қарсы беттегі қыздар үйінің үстінде бір қыз төменге қарап тұрды. Мен ол кезде Ләззат екенін білмедім. Бір мұғалім мен студент жігіт құтқару үшін Ләззатқа қарай беттегені сол еді екі қолымен бетін басқан күйі төменге секірді. Күнделікті КНБ шақыртуынан әбден шаршаған Ләззат бес қабатты жатақхана үстінен құлап, жазықсыздарды қорғау үшін өзін еріксіз өлімге қиды», – дейді композитор.

«КНБ адамдарының алқымдағаны бар, бір жағынан ұрлықшы атануым осының барлығы мені шаршатты. Өзімнің ақ екендігімді дәлелдеудің, айналамдағылардың кінәсіз екенін көрсетудің жалғыз жолы осы» – деп қағаз қалдырған Ләззат өлімінің соты бірнеше жыл өткеннен кейін болды. Рамазан Тайманов куәлік етіп, «желтоқсан құрбаны болу үшін алаңда өлім құшу шарт емес, адалдықпен өлім құшқан нағыз құрбан осы ару» – деп өз пікірімен құрметін көрсетіп, сотта жеңуге бірден бір себепкер болды.

1987 жылы халықаралық Қыздар Педагогикалық Университетінде Нұрлан Өнербаевпен болған кездесуде әнші «Мен қазақ қыздарына қайран қалам» өлеңін оқыды. Кездесу кеші біткеннен кейін Рамазан Тайманов Нұрлан Өнербаевпен жолығып, өлеңді кім жазғанын сұрап, Ләззат Асанованың рухына арнап ән жазбақ екендігін, әнді жазуға Исрайл Сапарбайдың осы өлеңі үйлесім тауып тұрғанын айтып, осы әнді шығарғанын айтады. Алғашқыда «Желтоқсан оқиғасынан кейінгі ой» деген атпен шыққан өлеңді сол кезеңде ол атымен жариялай алмағандықтан ән жазылғаннан кейін «Мен қазақ қыздарына қайран қалам» деп өзгертілген болатын. Әннің Ләззат Асанованың рухына арналып жазылғандығы Рамазан Таймановтың 2005 жылы «Қазақстан Қызылорда» телеарнасына берген сұхбатынан кейін мәлім бола бастаған.

Бар сыры жанарына жасырылған ақ маңдай арудың құпиясын ән-жырмен, өлеңсөзбен ашуға тырысқан ақындарымыз бен композиторларымыға елдің берер бағасы бөлек. Өткеніміз бен бүгінімізді сабақтастырып, тарихи оқиғаға орай туынды мен әуезді әуенді үйлестіріп, дәріптеген әннің шығу тарихы осындай. Өткен күннің өнегелі өсиеті – осы.

Жәмила ЕРМАХАН
Қорқыт ата атындағы
Қызылорда университетінің
ІІІ курс студенті

ӘБІГЕР ӘЛЕМ

THE WALL STREET JOURNAL.

АҚШ ВАКЦИНАМЕН КӨМЕКТЕСПЕК

Байден билігінің жоспарымен жақсы таныс адамдар АҚШ-тың әлемдегі осал елдерге коронавирусқа қарсы вакцинамен көмектесуді көздеп отырғанын мәлімдеді. Бұған өз кезегінде пандемиядан қиындыққа ұшыраған елдердің назары көбірек ауды. Көбісі «Америка нақты қай мемлекеттерге және қалай көмектеспек?» деген ойда қалды. Осыған байланысты THE WALL STREET JOURNAL басылымының тілшілері Сабрина Сиддики мен Саид Шах «АҚШ экономикасы төмен елдерге 500 млн доза вакцина жібереді» атты мақала жариялады.

Мақалада Байден өзге мемлекеттерге «Pfizer INC.» Компаниясының екпесін жіберуді жоспарлап отырғаны жазылған. Оның 200 млн дозасы биылғы жылы болса, қалған 300 млн-ы келесі жылдың бірінші тоқсанына жоспарланған. Ақ үйдің «Covid-19» бойынша кеңесшісі Джефф Зиентстің мәлімдеуінше, бүгінде «Pfizer INC.» Компаниясымен соңғы төрт аптада вакцина сатып алу туралы келіссөздер жүргізілген. Бұл екпелердің барлығы экономикасы төмен 92 ел мен Африка одағына жіберіледі.

Бұған дейін Ұлыбритания премьер-министрі Борис Джонсон да G-7 елдерін күллі әлемді вакциналауды назарға алуды ұсынған болатын. Ол 2022 жылы вакциналауды толықтай аяқтау керек деп жоспарлауда.

Басылым тілшілері АҚШ-тың көмегі туралы «Pfizer», «Covax» ұйымдары мен Байденнің ұлттық қауіпсіздік жөніндегі кеңесшісі Джейк Салливаннан бұл көмек туралы сұрағанда жауап беруден бас тартқан. Дегенмен алдын ала белгілі болған ақпарат бойынша Байден әкімшілігі «Pfizer INC.-пен» 800 млн дозаға келісімшарт жасасып, әр дозаны 19,50 долларға сатып алмақшы.

Осы жоспар аясында маусым айында 80 млн екпе көмекке, 75 процентін «Covax» ұйымына, қалған 25 процентін АҚШ-тан көмек сұраған елдерге жеткізілмек. Оның ішінде ең алғаш болып Оңтүстік және Орталық Америка, Бразилия, Аргентина, Перу, Эквадор мен Гватемало бар. Одан бөлек Үндістан, Непал, Бангладеш, Пакистан, Шри-Ланка мен Африка елдері де тізімде бар. Шамамен 6 млн доза Мексика, Канада мен Оңтүстік Корея секілді серіктес мемлекеттерге жеткізілмек.

Биыл 3 млрд, келесі жылы 4 млрд доза вакцина шығаруды жоспарлап отырған «Pfizer INC.» Компаниясы жұмыс күшін барынша арттырып жатқанын мәлімдеді. Нью-Йорктегі фармацевтикалық компанияның өзі 18 айдың ішінде вакцинадан таршылық көріп жатқан елдерге 2 млрд доза екпе жеткізуді жоспарлап отыр.

ДДҰҰ, Әлемдік банк, Халықаралық валюта қоры мен Дүниежүзілік сауда ұйымы дамыған елдерді пандемиядан шығу және экономиканы жақсарту үшін 50 млрд доллар қаражат бөлуді ұсынып отыр. Олардың тұжырымдауынша пандемияның алдын осылай алмаса, олар ұзақ жыл адам шығыны мен қаржылық дағдарысқа ұшырамақ.

Жалпы Байденнің жоспарлаған көмегін көптеген әлемдік ұйым жоғары бағалап отыр. «Американың бұл жоспары пандемияға бей-жай қарамайтынын, вируспен күресте алдыңғы шепте екенін көрсетіп отыр», − дейді кедейлік пен аурудың алдын алу мақсатында қызмет ететін «One» ұйымы.

Вакциналау қарқынды дамыған Америка мен Ұлыбритания мемлекеттері бұл шараның вирустың алдын алу мен экономиканы қалыпқа келтіруге өз үлесін қосатынын дәлелдеді. Дегенмен Оксфорд университетінің зерттеу нәтижесі бойынша АҚШ-тың 42 проценті толық вирусқа қарсы екпе алса, Африкада бұл көрсеткіш тек 1 процентті құраған.

Америка вакцина жеткізу арқылы көмектесуден бөлек коронавирусқа қарсы вакциналарды жекешелендіруден бас тартуды қолдайды. Бұл өз кезегінде вакцина өндірісінің көлемін арттыруға үлес қосады дейді американдық билік. Дегенмен бұл тұжырымға көптеген фармацевтикалық өндіріс орындары қарсы келуде.

Дүниежүзілік сауда ұйымының елдері алдағы уақытта вакцинаны жекешелендіруден бас тарту туралы шешімді талқыламақ. Одан бөлек, басқосуда Еуроодақтың жекешелендіруді қалдырып, вакцина өндірісін арттыратын жобасы да талқыға салынбақ. Еуроодақтың жобасын қолдағандардың ішінде Ұлыбритания, Швейцария мен Оңтүстік Корея бар. Олар соңғы 6 аптада осы екі жобаның тиімді деп танылғанын жүзеге асырмақ.

Түпнұсқадан аударып, шолу жасаған
Аслан НҰРАЗҒАЛИ

ТҰТЫНУШЫ, СУ АҚЫСЫН УАҚЫТЫЛЫ ТӨЛЕП ЖҮРСІЗ БЕ?

Күнделікті өмірде сусыз адамның тіршілігі жоқ. Әр тамшы су қолдағы байлық. Бір жұтым ішкен судың қадірін құнын білесіз бе? Қысқасы, су – сізге қуат. Содан соң бау-бақша, нулы орман сусыз жайқалып өспейді. Бабаларымыз кең даланы суландырып арық қазған, көпір салған. Ақын Әбділда «сөндірмеңдер біздер жаққан жарықты, бөгемеңдер атаң қазған арықты» деп жырлаған.

Сіз күнделікті тіршілікте, үйіңізде пайдаланып отырған суға ақы төлеуді бір сәт естен шығармай ақы төлесеңіз нағыз азаматтық парыз болар еді. Сіз осыны сезініп жүрсіз бе?

Мен өз өмірімнің 20 жылға жуық уақытын осы салада өткізіп келемін. Ыстық суығына төзудемін. Қазір Қызылорда су жүйесі мекемесі басшысының кеңесшісімін.

Шындығын айту керек, қазір су жүйесі саласын одан әрі жарақтандыру насихат жұмысы пәрменді жүргізілуде. Су ақысын уақытылы төлеу бағытында нақты істер, қатаң талаптар қойылуда. Әрине, бұл салада нақты істің нәтежиесінде ілгерілеу бар.

Қала тұрғындарын ауыз сумен қамтамасыз етуде Қызылжарма, жер асты су жүйесі жұмыс істеуде, сондай-ақ 78 ұңғыма арқылы тұтынушыларға үздіксіз ауыз су берілуде. Тұрғындар талабына сәйкес Әл-Фараби, Титов, Қызылжарма тұрғындарына қосымша 3 ұңғыма бұрғылауға тапсырма беріліп, жоба – сметалық құжаттар әзірлену үстінде.

Қалада әлде де тұрғындардың уақытылы ақы төлемеуі орын алуда. Бұл кемшілікті жою мақсатында 27 адамнан тұратын 4 топ жұмыс жүргізуде. Біздегі мәлімет бойынша 76011 жеке тұлғаның 20900 абоненті ғана тұрақты суға ақы төлеп отырды.

Бұдан не байқалады, шындығын айту керек бізде әлі де болса тұрғындар санасын ояту, өзгерту, мезгілімен ақы төлеу өте кешеуілдеуде. Біздегі есеп бойынша қалада 55000-нан астам тұтынушының су ақысын төлеуге енжарлық танытуы өте өзекті мәселеге айналып отыр. Тұрғындардың су төлемдерін уақытылы төлемеуі еңбеккерлерге жалақы, сондай-ақ салық төлемдерін төлеуге кедергі келтіріп, мамандардың жұмыстан кетуіне әкелетіні жасыран емес.

Қарыздың көбеюі салдарынан еңбек адамдарының тұрақтамауына, 650-ден астам адамның жалақысын уақытылы алмай отырғаны қынжылтады.

Қысқасы, су жүйесі мекемесі дебиторлық 524,8 миллион, кредиторлық 513,8 миллион теңгені құрап отырған қарызды шұғыл өтеу шараларына сай жұмыс жүргізуде.

Қазақта «судың да сұрауы бар» деген сөз бар. Мүмкіндігі болғанша әрбір тұрғынның пайдаланып отырған суға уақытылы ақы төлеуі азамматтық парыз болары еді. Сөз жоқ сіз бен біз бірлесіп жұмыс істесек бұл кедергілерді жоюға мүмкіндік болар еді.

Ақылтай ЖАППАСБАЕВ,
Қызылорда коммуналдық мемлекеттік
мекемесі басшысың кеңесшісі

ЕҢ, ЕҢ, ЕҢ...

ӘЛЕМДЕГІ ЕҢ БИІК АҒАШ

Секвойя – мәңгі жасыл қылқан-жапырақты ағаш. Жалғыз түрі – мәңгі жасыл секвойя биіктігі 100 метрден артық, диаметрі 6-10 м, жер шарының ең биік ағаштарына жатады. 3000 жылға дейін жасайды. Калифорния тауларында өседі. Бұл тұқымдасқа мәңгі жасыл ағаштардың тағы бір түрі — секвойядендрон (мамонт ағашы) жатады. Діңі тік, түзу, биіктігі 100 метрге дейін болады. 2500 жылдай (кейде 3000-4000 жыл) жасайтын ағаш. Олардың ішіндегі «Генерал Шерман» деп аталатын ең үлкенінің биіктігі 83 метр, жер бетінен 1,5 метр биіктікте құлаштағанда 24,1 метр. Секвойялар сәндік үшін Еуропаның саябақтары мен бақтарында, Қырымның оңтүстік жағалауында өсіріледі.

Секвойяның ерекшеліктеріне келетін болсақ, бұл қылқан жапырақты өсімдіктер өкілдеріне тән белгі олардың магистральдарының құрылысы және көбею әдісі болып табылады. Ағаш жас болған кезде, толығымен тығыз бұтақтармен жабылады. Тым тез өсуіне байланысты бұл процестердің тамыр алуға уақыты жоқ, сондықтан олар көп ұзамай жойылып кетеді. Нәтижесінде, әдеттен тыс қалың, бірақ сонымен бірге толығымен жалаңаш, магистраль қызықты бақылаушының алдында пайда болады.

Ағаштар сыртқы белгілері мен жасына байланысты өз атын алды. Бір кездері бұл жерлерді Чероки үнді тайпасы мекендеген. Секвоя ағашының биіктігіне, сондай-ақ олардың көшбасшысының керемет таланттары мен қасиеттеріне таңғалған олар оны өз көшбасшысының құрметіне қоюды шешті. Ол шын мәнінде өз халқының мәдениеті мен ағартуы үшін көп жұмыс жасағандықтан, көпшілік бұл есімді қуана қабылдады.

Камила ДӘРІҚҰЛОВА,
Қорқыт ата атындағы Қызылорда
университетінің
ІІІ курс студенті

Меншік иесі:
СЫР МЕДИА
жауапкершілігі шектеулі серіктестігі

Бас директор
Аманжол ОҢҒАРБАЕВ

Қызылорда қалалық «Ақмешіт апталығы» газетінің редакциясы

Бас редактор
Азиз БАТЫРБЕКОВ

Телефондар:
Бас директор - 40-11-10, 70-11-36 (факс)
Бас редактор - 40-11-10 (ішкі нөмір – 1009)
Қабылдау бөлмесі - 40-11-10 (ішкі нөмір – 1023)
Бас редактордың орынбасары - 40-11-10 (ішкі нөмір – 1022)
Жауапты хатшы, бөлімдер - 40-11-10 (ішкі нөмір –1013, 1018,1021)

Газеттің негізін қалаған Әділхан БӘЙМЕН

Газет Қазақстан Республикасы Ақпарат және коммуникациялар министрлігі Ақпарат комитетінде 2019 жылдың 16 сәуірінде қайта тіркелген. Тіркеу куәлігі №17657-Г.
«Ақмешіт апталығы» қалалық газеті ҚР СТ ISO 9001-2016 (ISO 9001:2015) «Сапа менеджменті жүйелері» талаптарына сәйкес KZ. 4310318.07.03.01178 нөмірімен сертификатталған.
Аптасына 2 рет, сейсенбі, сенбі күндері шығады.
Жарияланған материалдардағы пікірлер редакция көзқарасымен сәйкес келе бермейтіндігі, деректер мен мәліметтердің нақтылығына автордың, хабарландыру иесінің жауапты екендігі ескертіледі.
Жарнама мазмұнына жарнама беруші жауапты.

Газет редакцияның компьютер орталығында теріліп, беттеліп, «ASU» баспа үйі» ЖШС сенімгерлік басқаруындағы «Сыр медиа» ЖШС баспаханасында басылды. Тел: 8(7242) 40-06-68
Газеттің таралымы бойынша 70-14-08 телефонына хабарласуға болады.
Қызылорда қаласы, Бейбарыс Сұлтан көшесі 4 А.
Таралымы 4843 Тапсырыс №846

Мекен-жайымыз: 120008, Қызылорда қаласы, Бейбарыс Сұлтан көшесі, 4. Т.Жүргенов атындағы Шығармашылық үйі.

Нөмірдің кезекші редакторы Тұрар БЕКМЫРЗАЕВ